

**М.Әбдіхалықов атындағы мектеп-гимназиясының  
11-сынып оқушысы Қаршығаева Айнұрға**

**Мінездеме**

Қаршығаева Айнұр 2004 жылдың 26 ақпан күні дүниеге келді, ұлты қазақ, ҚР азаматы. Осы мектепте 1-сыныптан бастап оқиды.

Сабақ үлгерімі өте жақсы. Қызыға оқитын пәндері: қазақ тілі мен әдебиеті, география, тарих.

Айнұрдың мінезі ашық, жайдарлы, көпшіл, сыныптастарының арасында сыйлы. Үлкенді сыйлап, кішіге қамқор бола білетін, қайырымды оқушы.

Отбасында жайлы, тұрақты қарым-қатынас орнаған. Анасы баласының үйлесімді дамуына, оның денсаулығына және оқуына әрдайым жағдай жасап, көмектесіп отырады.

Айнұр мектеп шараларына белсенді қатысып қана қоймай, мектеп өміріне жауапкершілікпен қарайды, «Абай әлеміне саяхат» клубының белді мүшесі. Өте зерек оқушы, кітап оқығанды ұнатады, поэзияны жаны сүйеді, қосымша білім көздерін пайдалана алады, сөйлеу мәдениеті қалыптасқан, өз ойын анық және еркін жеткізе біледі, өз білімін жан – жақты жетілдіреді.

Сыныптастарымен және ұстаздарымен қарым-қатынасы жайлы, тұрақты қалыптасқан. Айнұр – іскер, ұйымдастырушылық қабілеті өте жоғары. Мәнерлеп оқу сайысы бойынша аудандық сайыстардың жеңімпазы. Тапсырылған жұмыстардың мерзімінен бұрын орындалуына ұйытқы бола білетін, жауапкершілігі мол оқушы. Ұстаздары оның таңдаған мамандығының білікті маманы болатындығына сенеді, үміт артады.

Мектеп директоры:

Қопашова.А

Сынып жетекшісі:

Отесова.А

М.Әбдіхалықов атындағы мектеп-гимназиясының  
11-сынып оқушысы Сауытбайқызы Рыстыға

Мінездеме

Сауытбайқызы Рысты 2004 жылдың 11 сәуірінде туылған, ұлты қазақ, ҚР азаматы. М.Әбдіхалықов атындағы мектеп-гимназиясында 1-ші сыныптан бері оқиды. Осы мектепте білім алған жылдары өзін тек жақсы жағынан көрсете білді. Білімі жақсы, «4» пен «5»-ке оқиды. Сабақтан себепсіз қалмайды, қоғамдық бағыттағы пәндерге қызығушылығы жоғары. Өзіне тапсырылған істерді жоғары жауапкершілікпен атқарады. Мектепте өткізілген мәдени және тәрбиелік іс-шараларға белсене қатысады. Ата-анасымен, бауырларымен қарым-қатынасы өзара сыйластыққа негізделген, оларға ерекше құрметпен қарайды. Сыныптағы оқушылармен де, мұғалімдермен де жақсы қарым-қатынас орната білді. Ұстаздарын сыйлайды.

Мінезі ашық, ұстамды, сабырлы, кішіпейіл. Өзге адамдармен тез тіл табысады. Қамқор, көмегі қажет болған адамдарға қол ұшын беруге даяр тұрады. Ақкөңіл, үнемі күліп, көңілді жүреді. Оның ашуланған сәттері сирек байқалады. Сыныптастарының арасында сыйлы, беделді. Мектептің ішкі ережесі талаптарын сақтайды. Жеке тұлғалық көзқарасы қалыптасқан. Өз ойын, пікірін ашық жеткізеді. Өзіндік ұстанымын дәлелдей алады. Шығармашылық қиялы дамыған. Оқуға деген ынта-ықыласы өте жоғары. Ол мектептің "робототехника" үйірмесінің белді мүшесі. Аудандық, облыстық орыс тілі мен әдебиеті пәні олимпиадасының және «Робототехника» үйірмесі бойынша Республикалық жарыстардың жеңімпазы. Ол - тапсырылған жұмыстардың мерзімінен бұрын орындалуына ұйытқы бола білетін, іскер оқушы. Ұстаздары оның таңдаған кәсібінің білікті маманы болатындығына сенеді.

Мектеп директоры:

Қопашова.А

Сынып жетекшісі:

Отесова.А